

*Академияның Ғылыми Кеңесінің
2025 жылғы 28 наурыздағы
шешімімен бекітілген
№12 хаттама*

**«7М04106 – Экономика»
магистратура білім беру бағдарламасы**

1. Бағдарламаның атауы: «7М04106 – Экономика» магистратура білім беру бағдарламасы («7М041 – Бизнес және басқару» даярлау бағыты).

2. Оқу мерзімі: 1,5 жыл

3. Барлық кредиттер (ECTS): 90

4. Бағдарламаның сипаттамасы:

Бағдарлама үздік әлемдік тәжірибелерді ескере отырып әзірленді және заманауи экономикалық ойлау қабілеті бар, экономика саласындағы құзыреттерді меңгерген, сыни ойлауға және тиімді басқарушылық шешімдер қабылдауға қабілетті мемлекеттік қызметшілерді даярлауға бағытталған.

5. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері:

Мақсаты: Мемлекеттік қызметшілерді даярлау, қазіргі заманғы экономикалық ойлау қабілеті бар және экономикалық талдау құралдарын игерген мамандарды даярлау, саланың, өңірдің, елдің экономикасын дамытуға бағытталған.

Бағдарламаның міндеттері:

- экономикалық талдау жасау және басқарушылық шешімдер қабылдау үшін ақпарат жинау және өңдеу әдістерін қолдану дағдыларын дамыту;
- елдің, саланың, өңірдің деңгейінде экономикалық процестерді талдау және модельдеу дағдыларын қалыптастыру;
- елдің экономикалық саясатының тиімділігін бағалау дағдыларын қалыптастыру;
- елдің экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін аналитикалық жұмыс әдістерін әзірлеу және жүзеге асыру дағдыларын қалыптастыру.

6. Бағдарламаның артықшылықтары:

- оқытудағы пәнаралық, жеке және құзыреттілік тәсіл, оқытудың интерактивті әдістерін қолдана отырып, нақты жағдайларды шешу арқылы оқытудың практикаға және нәтижеге бағдарлануы;
- ұлттық экономиканы дамытудың өзекті мәселелерін шешуге бағытталған магистрлік жобаны орындау;
- мемлекеттік, орыс, ағылшын тілдерінде оқыту;
- жетекші лектор-практиктерді, мемлекеттік және квазимемлекеттік секторлардың шақырылған дәріскерлері мен сарапшыларын тарту;
- кәсіби және сараптамалық нетворкингті дамыту, әртүрлі министрліктер мен ведомстволардың мемлекеттік қызметшілерімен өзара іс-қимыл, өзара оқыту;
- қос дипломдық білім алу мүмкіндігі;
- қоғамдық сөз сөйлеу дағдыларын және ораторлық шеберлікті жетілдіру, қазіргі заманғы мемлекеттік қызметшілердің түсіндіру шараларына (интервьюлер, семинарлар, тренингтер) қатысу үшін қажетті дағдылар.

7. Оқытудан күтілетін нәтижелер:

- ұйымдағы өзгерістерге оң көзқараспен қарайды, өзгерген жағдайға өз әрекеттерінің тактикасын бейімдей алады, сәтсіздіктің себептерін талдайды және тәсілдерді немесе стратегияларды өзгертеді, жұмысшылардың бастамаларын қолдайды және ынталандыра алады.
- күрделі мақсаттар қойып, оларға қол жеткізе алады, міндеттерді орындау үшін қосымша күш салып, нәтижеге жету үшін жауапкершілікті өз мойнына ала алады.
- мүмкіндіктерді, тәуекелдерді талдай алады, сондай-ақ ресурстарды есептей және жоспарлай алады, белгісіздік жағдайында тиімді әрекет ете алады, ықтимал тәуекелдерді ескере отырып, мәселелерді шешудің бірнеше нұсқасын ұсынады.

– қызметкерлерді құзыреті шегінде мемлекеттік органдармен және ұйымдармен тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағыттайды, қойылған міндеттерге қол жеткізу үшін әрбір қызметкердің әлеуетін пайдаланады, мемлекеттік органның құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп жоспарларды іске асырады және жалпы нәтижелерге қол жеткізе алады.

– ұжымға жаңа басымдықтарды уақтылы жеткізеді, өзгерістерге уақтылы еңгізу үшін тиімді шаралар әзірлейді, бөлімшені тиімді басқара алады, ішкі және сыртқы өзгерістер кезінде нәтижеге қол жеткізе алады.

– жаңа білімдер мен технологияларға қызығушылық танытады, өздігінен дамуға ұмтылады, жаңа ақпаратты іздеп, оны қолдану жолдарын іздейді, жаңа дағдыларды практикада қолдана отырып, тиімділігін арттыруға тырысады..

8. Бағдарлама құрылымы және академиялық мазмұны:

Семестр	Пәннің атауы	БП/ ПП	ЖООК/ ТК	ECTS
1	Мемлекеттік басқару	БП	ЖООК	2
	Кәсіби ағылшын тілі	БП	ЖООК	2
	Ресми жазылым және дискурс	ПП	ЖООК	3
	Тиімді коммуникациялар және көшбасшылық	БП	ЖООК	2
	Микроэкономикалық талдау	ПП	ЖООК	4
	Ұлттық экономиканың тұрақты дамуы	ПП	ЖООК	4
	Экономикалық талдаудың құралдық әдістері	ПП	ЖООК	4
	Зерттеу әдістері мен дизайны	ПП	ЖООК	3
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			24
	<i>Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (бұдан әрі –МЭЗЖ)</i>			6
	1-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
2	Макроэкономикалық талдау	ПП	ЖООК	4
	Экономикалық бағалау және тәуекелдермен басқару	ПП	ЖООК	3
	Мемлекеттік қаржы және бюджет	ПП	ЖООК	3
	Стратегиялық жоспарлау және болжау	ПП	ЖООК	3
	Эконометрика	ПП	ЖООК	3
	Экономикалық талдаудағы ақпараттық технологиялар	ПП	ЖООК	3
	Таңдау компоненті	БП	ТК	3
	<i>Өндірістік тәжірибе</i>			2
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			24
	<i>МЭЗЖ</i>			6
	2-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
3	Экономикалық саясатты талдау және бағалау	ПП	ЖООК	3
	Инвестициялық жобаларды талдау және бағалау	ПП	ЖООК	4
	Дүниежүзілік экономика	ПП	ЖООК	3
	Таңдау компоненті	БП	ТК	6
	<i>Теориялық оқу бойынша барлығы</i>			16
	<i>Тәжірибе</i>			2
	<i>МЭЗЖ</i>			4
	<i>Қорытынды аттестация (магистерлік жобаны рәсімдеу және қорғау)</i>			8
	3-СЕМЕСТР БОЙЫНША БАРЛЫҒЫ			30
	Теориялық оқыту бойынша барлығы + тәжірибе			64

Қорытынды аттестаттау (магистрлік жобаны жазу және қорғау)			8
<i>МЭЗЖ + тағылымдама</i>			18
ИГЕРУГЕ МІНДЕТТІ КРЕДИТТЕРДІҢ БАРЛЫҒЫ			90